

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ Орта
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫ ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ**

МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*(Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына
арналған оқу қолданба)*

ШЫРШЫҚ – 2021

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫ ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ**

У. БАЙҚАБЫЛОВ, Ш. БОТИРОВА

МӘНЕРЛЕП ОҚУ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

*(Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына
арналған оқу қолданба)*

ШЫРШЫҚ – 2021

Оқытушының тіл мәдениеті пәнінен өтілетін тақырыптар үшін оқулық педагогика жоғары оқу орындарының 5111300 - Қазақ тілі және әдебиеті бағытының оқу жоспарында “Мәнерлеп оқу және мәдениеті” пәндерінен оқу бағдарламасында белгіленген тақырыптарды өту үшін, сонымен қатар, студенттердің мәнерлеп оқуға икемділігін арттыру, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру бойынша жастардың тіл мәдениетін дамытуға арналған.

Жауапты редактор:

С.Матчанов.

Құрастырушылар:

- | | | |
|----------------|---|---|
| У.А.Байкабилов | - | ТОШМПИ-дің Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің аға оқытушысы. |
| Ш.И.Ботирова | - | ТОШМПИ-дің Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының доценті |

Пікір жазғандар:

- | | | |
|----------------|---|---|
| Т.Төрткулбаева | - | Әжінияз атындағы НМПИ «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, PhD |
| Р.Расулов | - | ТОШМПИ-дің Өзбек тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры. |

Қазақ тілі мәдениетінің сан алуан қиын да күрделі теориялық мәселелері бар. Соның көбі бүгінгі күн талабымен, тәжірибесімен астарласып жатады. Ондай көпшілік назарын әрдайым аударып отыруды тілейтін тіл мәдениетінің өзекті мәселелері мыналар: орфоэпия, орфография, баспасөз тілінің мәдениеті, сөз қолдану және аударма мәдениеті.

Оқу қолданбада әдеби тіл мен тіл мәдениетінің өзара байланысы, қазақ тілін оқыту талаптары, сөйлеу мәдениеті мен шешендік туралы сөз болады. Ауызекі сөйлеу тілін меңгеруді жақсарту туралы нұсқаулар берілген.

Оқу қолданба жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

*Оқу қолданба Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2021 жылғы « »
..... №..... санды хаттамасымен баспаға ұсынылған.*

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті талапкер! Міне, қазақ тілінен мектеп қабырғасында алған бүкіл біліміңізді қорытындылап, жинақтайтын соңғы межеге де жеттіңіз. Он бір жыл бойы ана тіліңіздің қадір қасиетін сезіндіретін сан алуан тілдік құбылыстармен, заңдылықтармен таныстыңыз, қазақ тілі білімінің ғылыми негіздерінен хабардар болдыңыз. Біліміңіз ғана тереңдеп қойған жоқ, білігіңіз де дамыды.

«Тіл (сөз) мәдениеті» атты бұл курс осыған дейінгі меңгерген сол білім-біліктеріңізді жетілдіруді көздейді.

Сөз мәдениеті дегеніміз – біріншіден, сөзді дұрыс қолдану (сөз дұрыстығы), екіншіден, сөзді орынды жұмсау (сөз шеберлігі). Сөз дұрыстығы қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормасын ұтану дегенді білдірсе, сөз шеберлігі – тек нормаға тән дұрыстықты ғана емес, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, ұтымды түрін талғау дегенге саяды.

Сөз мәдениеті адамның ойлау мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді. Ана тілін ардақтау, тілді құрмет тұту, оны талғампаздықпен жұмсау, тілдік амал-тәсілдерді қарым-қатынас мақсатына сай қолдана білу – жалпы мәдениетке, оның ішінде сөз мәдениетіне қойылатын аса қажетті шарттар.

Тіл мәдениетіне тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпикалық, пунктуациялық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік нормалар қамтылып, олардың коммуникативтік эстетикалық қызметі толық айқындалған жағдайда стилистикалық норма жүзеге асады. Стилистикалық норма сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін қалыптастырады. Сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді. Сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану; сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвистикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс - лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз мәдениетін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде тіл мәдениеті дамиды.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда үлкен мән беріліп, жедел қолға алынып отырған мәселелердің бірі - тіл (сөз) мәдениеті. Ол қазір мақсаты мен мазмұны, объектілері мен әдістері біршама айқындалып, қазақ тіл білімінің дербес саласына айналып отыр. Сөз (сөйлеу, тіл) мәдениеті дегеніміз - өзінің барлық қаттауында (ярусында) нормалары қалыптасып, едәуір тұрақталған әдеби тілдің болуына, оның жазбаша да, ауызша да түрін қалың көпшілік тұтас пайдалана бастаған кезіне тікелей байланысты. Әсіресе қазіргідей көркем әдебиет пен баспасөздің, радио мен телевидениенің, ұлт театры мен киноның, топ алдына шығатын ауызша сөйлеу түрлерінің (үгіт-насихат жұмыстары, лекция, баяндама, жиналыстардағы сөз т.б.) дамыған тұсында сөз (тіл) мәдениеттеріне ерекше назар аударылады.

Тіл мәдениетінің тірегі - әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық қызметімен астарласып жататындықтан, «тіл мәдениеті» деген ұғымның аясы кең. Өйткені тілдік нормалар мен тілдің стильдік тармақтарының әдеби тілдің қоғамдық қызметі ұлғаю барысында көп жылдар бойы берік қалыптасқандарға да, жаңадан пайда болғандары да бар.

«Мәдениет» сөзін бұрын қоғамның материалды, рухани байлықтарының түрлі тарамдарын қамтиды деп қолдансақ, осы күндері оның жұмсалыу аясының кеңейгені байқалады, мысалы: еңбек ету мәдениеті, саудасаттық мәдениеті, егін жинау мәдениеті, мәдениетті дақылдар. Осылардың қатарында «тіл мәдениеті» деген ұғым да жиі қолданылатын болды.

Бұл атаудың пайда болуы тіл жұмсау дағдымызға қойылатын талаптардың күшейуімен, тіл білімі ғылымының ілгері дамуымен байланысты болса, мақсат-жұртшылықты сол мәдениетке баулу болмақ.

Мәдениетті әсіресе тіл мәдениеті жоғары азаматтар қатарына қосылу әркімнің - ақ абзал арманы. Жастарды мәдениеттілікке тәрбиелеу жүйесі жастарға жан-жақты білім беріп, мәдениетті, жаңа қоғам өмірінің белсенді азаматы етіп тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Тәрбиенің түрі көп: саяси тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамды еңбекке, тәртіптілікке тәрбиелеу сияқты оқушының тіл мәдениетін арттырудың да мәні зор. Оның тәрбие ошақтары, оқушының тәрбие алатын алтын ордалары - жанұя, мектеп, еңбек коллективтері, баспасөз, телевидение, радио, кино, театр, жиналыс т.б.

Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл, оның ішінде қазақ тілі де, халықтың барлық іс-әрекеттің, қарым-қатынасының құралы болғандықтан, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру